

Д.К. Дурру¹, А.М. Есиркепова^{2*}, Ж.Т. Алиева³, А.С. Есенгельдина⁴

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

^{2, 4}Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Қазақстан;

³Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

Idiana_zhan7@mail.ru, 2essirkepova@mail.ru, 3zhanna.aliyeva@narhoz.kz, 4yanar77@inbox.ru

²<https://orcid.org/0000-0002-5028-238X>,

³<https://orcid.org/0000-0002-6665-300X>,

⁴<https://orcid.org/0000-0002-7752-916X>

¹Scopus ID: 57211607325, ²Scopus ID: 55855350000,

³Scopus ID: 55904090400, ⁴Scopus ID: 56289701800

Тоқыма саласы кәсіпорындарының экспорттық әлеуетін дамытуды басқарудың институционалдық құралдары

Аңдатпа

Мақсаты: Мақалада отандық тоқыма өнімдерінің экспорттық әлеуетін жоғарылату үшін институционалдық құралдарды тиімді қолданудың бағыттары ұсынылған.

Әдісі: Мақалада ақпараттық негізі ретінде тоқыма өнеркәсібі өнімдерінің экспорттық сауда-саттығына қатысты статистикалық мәліметтер пайдаланылды. Зерттеу барысында жүйелік және статистикалық әдістер қолданылды. Мақала авторлары тоқыма өнімдерінің экспортын ынталандыру құралдарына қатысты ғалымдардың еңбектерін зерттеген: өнеркәсіптік өнімдер экспортының мемлекеттік кепілдіктері, экспорттың тиімділігін бағалау көрсеткіштері, бәсекелестік мәселелері, заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, баға саясаты, білікті жұмыс күші, цифрлық трансформация мүмкіндігі.

Қорытынды: Авторлар тоқыма өнімдерін халықаралық нарықтарға жылжыту стратегиясын әзірлеу үшін шет елдер мен Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктерінің деректерін талдаған. Сонымен қатар тоқыма өнімдерінің экспортын дамытуға кедергі келтіретін мәселелерді анықтаған: техникалық және технологиялық артта қалу; өндірістік қуаттылықтың жеткіліксіздігі; мамандардың тапшылығына байланысты еңбек өнімділігінің төмендігі; өндіріс құралдары мен ілеспе фурнитураның болмауы; жоғары өзіндік құнына байланысты дайын өнімнің бәсекеге қабілетсіздігі.

Тұжырымдама: Мақалада тоқыма саласы кәсіпорындарының экспорттық әлеуетін дамытудың болашағы бар институционалдық құралдарын анықтаған: сыртқы сауданы қаржыландырумен тікелей байланысты емес экспорттық акселерация бағдарламасын әзірлеу; үлкен деректерді өңдеу және жасанды интеллект технологияларын пайдалану негізінде тоқыма саласы кәсіпорындарының кешенді экожүйесін енгізу; шетелде тоқыма өнімдерін экспорттаушыларды сақтандырумен қорғауды қамтамасыз ету; сыртқы сауданы қаржыландыруға тікелей қатысы жоқ экспорттық акселерация бағдарламасын технологиялық жаңғырту.

Кілт сөздер: тоқыма өнеркәсібі, институционалдық құралдар, шикізат, өнім, экспорт, әлеует, сақтандыру, сыртқы сауда, технологиялар, бәсекеге қабілеттілік.

Кіріспе

Қазіргі әлемде тоқыма өнімдерін экспорттаушыларды қолдау барлық дамыған мемлекеттердің экономикалық саясатының ажырамас бөлігіне айналған. Тоқыма өнімдерінің экспортын мемлекеттік қолдау бағдарламалары, әсіресе экспортты ел экономикасының қозғалтқышы ретінде қарастыратын елдерде, мемлекеттік даму бағдарламаларының маңызды бөлігі. Қазақстан Республикасында тоқыма өнімдерінің экспортына жәрдемдесу көп жылдар бойы мемлекеттік биліктің басым міндеті болып табылмаған. Бұл жағдай көбінесе әлемдік нарықта жоғары сұранысқа ие және арнайы ынталандыру шараларын қажет етпейтін шикізаттар экспортының басым болуымен байланысты. Бүгінгі таңда Қазақстан алдында экспорт құрылымын әртараптандыру міндеті тұр, бұл тоқыма өнімдерінің экспортын қолдаудың толыққанды жүйесін құруды және арнайы мемлекеттік шараларды іске асыруды талап етеді.

Тоқыма өнімдерінің қазіргі халықаралық саудасында әлемдік экспорттың негізгі бөлігі ғылымды көп қажет ететін өнімдер болып табылады, өндіріс үдерісінің өзі де, өндірілетін өнім де осы елдердің өнеркәсіптік тауарларының халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін анықтайды.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: essirkepova@mail.ru

Мемлекеттік қолдау дамыған елдердің өндірушілерінің сыртқы нарықтарға шығуында маңызды рөл атқарады. Өз кезегінде дамушы елдерде, әсіресе дамыған елдердің өндірушілерімен бәсекелестіктің күшеюі жағдайында экспортқа бағытталған ғылымды қажет ететін өндірістерді құру мемлекеттік қолдаусыз мүмкін емес. Зерттеудің өзектілігі ұлттық экономиканы жаңғырту жағдайында өндірілетін және экспортталатын тоқыма өнімдерінің үлесін арттыру қажеттілігіне байланысты туындап отыр.

Қазіргі уақытта ұлттық экономика тоқыма өнімдерінің экспортын тауарлық және географиялық әртараптандыруды ынталандыратын тиімді өнеркәсіптік саясатты қажет етеді. Мұндай жағдайларда экспортты қолдау жүйесінің институционалдық құралдарының маңызын зерттеу қажет.

Мақаланың мақсаты отандық тоқыма өнімдерінің экспорттық әлеуетін жоғарылату үшін институционалдық құралдарды тиімді қолданудың бағыттары ұсыну болып табылады.

Анықталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- тоқыма өнімдерінің экспортын ынталандыру құралдарына қатысты ғалымдардың еңбектерін зерттеу;
- тоқыма өнімдерін халықаралық нарықтарға жылжыту стратегиясын әзірлеу үшін шет елдер мен Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктерінің деректерін талдау;
- тоқыма өнімдерінің экспортын дамытуға кедергі келтіретін мәселелерді анықтау;
- тоқыма саласы кәсіпорындарының экспорттық әлеуетін дамытудың болашағы бар институционалдық құралдарын анықтау.

Әдебиеттік шолу

Тоқыма өндірісі кәсіпорындарының өнімдерін экспортқа шығару сыртқы сауда рәсімдеріне, тарифтік саясатқа, бәсекелік қабілеттілікке және трансшекаралық қозғалысқа байланысты болып келеді. Сондықтан ғалымдардың тауарларды экспортқа шығаруға қатысты еңбектеріне тоқталайық.

Зерттеуші Е.В. Бурденко және Е.В. Быкасованың ойынша, тігін өнеркәсібі өнімдерінің экспортын ұлғайтуды жүзеге асыру үшін экспорттық реттеудің әртүрлі тетіктерін қолдануға болады: өнеркәсіптік өнімдер экспортының мемлекеттік кепілдіктері, экспорттық несиелеу (қаржыландыру), экспорттаушы ұйымдарға экспорттық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің бір бөлігін өтеу (Бурденко Е.В., Быкасова Е.В., 2011).

Ал Е. Белеска-Спасованың пікірінше, экспорттың тиімділік көрсеткіштерін таңдау кезінде келесі факторларды ескеру қажет: деректердің болуы және қолжетімділігі, фирманың сипаттамалары (мөлшері, экспорттық тәжірибесі), бағалау бірлігі/деңгейі, бағалау уақыты, стратегиялық мақсаттар, фирмадағы бағалаушының жағдайы (Белеска-Спасова Е., 2014).

Шетелдік зерттеуші Д. Амутха өз еңбегінде тоқыма бизнесінің қатал бәсекелестікпен сипатталатынын атап көрсеткен, оның ойынша компаниялар өз өнімдерін әлемдегі ең жақсы өндірушілермен үнемі салыстырып, олардың сапасын да, өндіріс әдістерін де жақсартуға тырысуы керек (Амутха Д., 2021).

Сонымен қатар А. Сафер және басқалардың пайымдауы бойынша, елдің минималды экспортының негізгі себептеріне қосылған құнның төмендігі, біліктілігі жоқ және жартылай білікті жұмыс күші, сапа мәселелері, басшылықтың көзқарасы және заманауи жабдықтың болмауы жатады (Сафер А. және т.б., 2019).

Қазақстандық ғалымдар (Есиркепова А.М. және басқалар, 2019) өндірушілер әлемдік өндірушілермен бәсекелестік жағдайлар туындаған кезде белгілі бір қиындықтарға тап болатынын атап өткен. Білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігіне, сондай-ақ энергия тасымалдаушылардың қымбаттығына байланысты, әсіресе, дизайн, сапа және баға саясаты бойынша бәсекелесу қиын.

Ларионов В.Г. және басқалардың ойынша тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының басшылығы халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу мақсатында стратегиялық мақсатта тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін цифрлық трансформацияның ашылатын мүмкіндіктерін пайдалануы қажет (Ларионов В.Г., т.б., 2022).

Мысалы, Файяз Хуссейн Пәкістанның экспорттық сұранысын үш айнымалы қызметтер арқылы бағалаған және ол тоғыз негізгі секторды, соның ішінде тоқыма өнеркәсібін ескере отырып, бөлшектелген талдау жүргізген (Файяз Хуссейн, 2007).

Сонымен қатар Р. Дхиманның мақаласы Үндістандағы тоқыма өнеркәсібіне арналған. Автор квоталар жойылғаннан кейінгі Үндістанның тоқыма және тігін өнеркәсібіне үлкен мән берген. Оның ойынша, үндістандық тоқыма және киім экспорттаушылары әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болып қалу үшін өндіріс тәсіліне, қызметті басқаруға, маркетингтік дағдыларға, өнімділікке және мүмкіндіктерге өте маңызды өзгерістер енгізуі керек дейді. Сондай-ақ, бұл үнділік тоқыма

кәсіпорындарының Қытайдағы әріптестерімен салыстырған кездегі фактілері мен сандарына ерекше назар аударады (Дхиман Р., 2020).

А. Дад және К.А. Мехбую айырбас бағамы, технология және саяси тұрақсыздық тұрғысынан сыртқы факторлардың маңыздылығы тоқыма секторының көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер ететінін зерттеді. Қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін мұндай факторларды бақылау және жақсарту қажеттігін ұсынды (Дад А. және Мехбую К.А., 2019).

А.И. Асад және басқалары дайын киім секторы Бангладеш экономикасының маңызды секторларының бірі екенін атап өтті. Қарқынды терапия қосымша құнды, экспортты және импортты алмастыруды дамыту үшін қажет. Бұл сектордың ұзақ уақыт бойы өркендеуі қажет болуы алаңдаушылық туғызады. Демек, мемлекеттік органдар сектордың жалпы құрылымдық дамуы үшін елеулі қайта қарау жүргізуі керек (Асад А.И. және басқалары, 2022).

Пәкістан сияқты басқа бәсекеге қабілетті көрші елдер Пәкістан секторында құнды құру бойынша айтарлықтай зерттеу жұмыстарын жүргізді (Ахмад және Мұхаммед, 2019; Джавед және Атиф, 2019). Бірінші жағынан, Иран тоқыма бұйымдарының экспорттық құны тұрақты тенденциямен шамалы болды, Үндістан қосылған құны бар аудандардағы бірліктер санын көбейту арқылы әлемдік нарықты басып алуды күтуде (Чаван, 2001), екінші жағынан, (Келегама, 2009) Шри-Ланкадағы қосылған құны жоғары өнімдерге ұсынылады. Тоқыма өнеркәсібін «қалдықтарды үнемдейтін» сала ретінде бағалайтын зерттеуде маңызды қорытынды жасалды. Бұл елдер экспорт арқылы өте аз құнды құруды да көздеді.

Қарап отырсақ, ғалымдар өз еңбектерінде тоқыма өнімдерінің экспортын ынталандыру құралдарына қатысты өнеркәсіптік өнімдер экспортының мемлекеттік кепілдіктерін, экспорттың тиімділігін бағалау көрсеткіштерін, бәсекелестік мәселелерін, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етуді, баға саясатын, білікті жұмыс күшін, цифрлық трансформация мүмкіндігін қарастырған. Қарастырылған ғылыми мақалаларда экспорттық әлеуетті дамытудың институционалдық құралдарына көңіл бөлінбеген. Сол себепті тоқыма бұйымдарының экспортын дамытудың бағыттарын анықтау керек.

Зерттеу әдістері

Мақалада ақпараттық негізі ретінде тоқыма өнеркәсібі өнімдерінің экспорттық сауда-саттығына қатысты статистикалық мәліметтер пайдаланылды. Зерттеу барысында жүйелік және статистикалық әдістер тоқыма өнімдерін халықаралық нарықтарға жылжыту стратегиясын әзірлеу үшін шет елдер мен Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктерінің деректерін талдау кезінде қолданылды. Бұл әдістер тоқыма өнімдерінің экспортын дамытуға кедергі келтіретін мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Тоқыма өнеркәсібінің өнімдерін экспортқа шығару кезінде қаржылық шығындардың тәуекелдеріне, сондай-ақ оларды несиелендірудің қолайлы шарттарына көңіл бөлінеді. Бұл талаптарды тиімді орындау тоқыма өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады.

2000-2020 жылдар аралығындағы тоқыма материалдары мен бұйымдарын экспортқа шығаратын топ бес мемлекеттердің статистикалық мәліметтерін қарастырайық (1-кесте).

1-кесте. Тоқыма материалдары мен бұйымдарын экспортқа шығаратын топ бес мемлекеттердің мәліметтері

млрд. АҚШ доллары						
№	Мемлекеттер	2000	2005	2010	2020	Өзгеріс
1	Қытай	10,3	20,2	30,4	43,5	+33,2
2	Еуропалық одақ	33,4	32,5	25,3	18,1	-15,3
3	Үндістан	3,6	4,1	5,1	4,2	+0,6
4	Түркия	2,4	3,5	3,5	3,3	+0,9
5	АҚШ	7,0	6,1	4,8	3,2	-3,8

Дерек көзі: Дүниежүзілік сауда ұйымы (2021) деректері бойынша авторлар әзірлеген

Берілген кесте мәліметтері бойынша Қытай мемлекеті тоқыма бұйымдарын экспорттайтын мемлекеттердің көшін бастап тұр. Соңғы жиырма жыл жыл ішінде Қытай тоқыма бұйымдарын экспорттау көлемін 4 есе арттырып, 10,3 млрд. АҚШ долларынан 33,2 млрд. АҚШ долларына дейін жеткізген. Бұл жетістік салық жеңілдіктерімен тікелей байланысты. Қазіргі уақытта Қытайдағы


қолданыстағы салық жеңілдіктері озық технологиялары бар және экспортқа бағытталған кәсіпорындарға, сондай-ақ табысы төмен немесе елдің экономикалық жағынан артта қалған, шалғай аудандарында орналасқан шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындарға беріледі.

Еуропалық одақ елдері тоқыма өнімдерінің экспорты соңғы жиырма жыл жыл ішінде 2 есеге кеміп, оның көлемі импорт көлемі 18,1 млрд. АҚШ долларына жетті. Жалпы Еуропа елдері салықтық жеңілдіктер беру арқылы емес, негізінен қаржылық қолдау көрсету арқылы экспорты ынталандыруды жүзеге асырады.

Тоқыма материалдары мен бұйымдарын көп экспорттайтын мемлекеттер қатарына Үндістан, Түркия және АҚШ жатады. Үндістанда салықтан босату арқылы экспортты ынталандыру жүзеге асырылатын еркін сауда аймақтары мен арнайы экономикалық аймақтарды құру тәжірибесі кең таралған. Түркияда экспортты реттеуге қатысты екі негізгі режим бар: ішкі қайта өңдеу режимі және сыртқы қайта өңдеу режимі. АҚШ-қа экспортты ынталандырудың қаржылық құралдары тікелей және жанама субсидиялауды қамтиды.

Тоқыма саласы өнімінің экспорттайтын топ мемлекеттерде экспорттық реттеу көптеген тетіктері пайдаланылады: салықтық жеңілдіктер, өнеркәсіптік өнім экспортының мемлекеттік кепілдіктері, экспорттық несиелендіру (қаржыландыру), ұйымдарға экспорттық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің бір бөлігін өтеу.

Қазақстан Республикасында тоқыма өнімдерін экспорттау кең ауқымда дамымаған. Статистикалық деректер бойынша 2020 жылы отандық кәсіпорындар 151,4 млн. АҚШ доллары көлемінде тоқыма материалдары мен бұйымдарын сыртқа шығарған (1-сурет).



1-сурет. 2016-2020 жылдардағы Қазақстан Республикасына экспортталған тоқыма материалдары мен бұйымдарының көлемі, млн. АҚШ доллары

*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы (2021) статистикалық деректері бойынша авторлар әзірленген*

Статистикалық деректер тоқыма өнімдері экспорты көлемінің материалдары мен бұйымдарының импорт көлемі 2016 жылдан бастап 2020 жылдар аралығында өзгеріссіз болғанын көрсетіп тұр. Қазақстаннан тауарлар экспорты 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 18,2%-ға төмендеген. Отандық өнім экспортының негізгі үлесін Ресей (47,5%) және Қытай (15,4%) алады. Мәліметтер бойынша тоқыма, төсек-орын және мақтадан иірілген жіп экспортының қысқару үрдісі байқалады, ал тоқыма емес материалдар, мақта талшығының қалдықтары, арқан және тағы басқалардың экспорты өскен.

Талдаудан кейін біз тоқыма өнеркәсібінің экспортына қандай факторлар оң немесе теріс әсер ететінін анықтадық. Экспорт көлеміне ешқандай әсер етпейтін кейбір факторлар бар, мысалы, салыстырмалы бағалар мен валюта бағамы. Соңғы бірнеше жылда тоқыма өнеркәсібі валюта бағамының өзгеруіне, энергетикалық дағдарыстарға және елдегі тұрақсыздыққа байланысты құлдырауда. Тоқыма өнеркәсібі шетелдік табыс пен жұмыспен қамтудың маңызды арнасы болып табылады. Энергияның жетіспеушілігі мен саяси тұрақсыздық экономикаға жойқын әсер етуі мүмкін. Себебі бұл мәселелер біздің жалпы тоқыма өндірісіне және тоқыма экспортының көлеміне теріс әсер етеді.

Ол үшін бәсекелестік деңгейін арттыру үшін әлемдік нарықтағы экспорт деңгейін арттыру қажет. Бұл зерттеуде жалақы мен өнімділіктің арақатынасының артуы бизнес үшін тұрақты шығындардың төмендеуіне әкелетіні анықталды, сондықтан бұл олардың көбірек үлес қосу қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

Тоқыма өнеркәсібі мен киім өндірісі негізінен мақтаға негізделген және талшықтан матаға дейін бүкіл құн тізбегін қарастырады, содан кейін оны бөлшек саудада сатады. Тоқыма және тігін өнеркәсібі өндірістік мүмкіндіктеріне ерекше мән береді және оның тиімділігі әлемдік бәсекелестікпен күресу үшін ең пайдалы элементтер болып табылады.

Тоқыма өнімдерінің экспортын дамытуға кедергі келтіретін негізгі мәселелерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- техникалық және технологиялық артта қалушылық;
- өндірістік қуаттылықтың жеткіліксіздігі;
- мамандардың тапшылығына байланысты еңбек өнімділігінің төмендігі;
- өндірістің жиынтықтаушы құралдарының және ілеспе фурнитураның болмауы;
- жоғары өзіндік құнына байланысты дайын өнімнің бәсекеге қабілетсіздігі.

Тоқыма өнеркәсібінде қалыптасқан мәселелерді шешуді институционалдық құралдарға сүйене отырып жүзеге асырған жөн. Бұл құралдарға экспорттық акселерация бағдарламасы, кешенді экожүйе, экспорттаушыларды сақтандыру қорғанысы, инвестициялар тартудың тиімді тетіктері жатады (2-сурет).



2-сурет. Тоқыма өнеркәсібі өнімдерін экспорттауды дамытудың институционалдық құралдары

Дереккөз: авторлармен әзірленген

Суретте көрсетілген институционалдық құралдарды тоқыма өнеркәсібінде кеңінен қолдану өнімдерді экспорттаудың келесі мақсатты бағыттарын қамтиды:

- жалпы институционалдық ортаны түзетеді;

- интеграциялық өзара іс-қимылға қатысушылар арасында келісімшарттық келісімдердің тиімді стандарттарын қалыптастырады;
- субъектілердің экономикалық мінез-құлқы мен мәртебесінің тиімді нысандарын бекітеді.

Қорытынды

Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының экспорттық әлеуетін дамыту үдерісі белгілі бір институционалдық құралдарды кеңінен қолдануды көздейді. Тоқыма саласы кәсіпорындарының экспорттық әлеуетін дамытудың институционалдық құралдарын іске асыру үшін мынадай бағыттарда қызметтер жасаған жөн:

— *сыртқы сауданы қаржыландырумен тікелей байланысты емес экспорттық акселерация бағдарламасын әзірлеу.* Бұл бағдарлама экспорттаушылардың өндіріс көлемін кеңейтуге, экспорттаушылардың жеткізу тізбегін несиелеуге және сақтандыруға бағытталуы тиіс;

— *үлкен деректерді өңдеу және жасанды интеллект технологияларын пайдалану негізінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының кешенді экожүйесін енгізу.* Бұл басқарудың барлық деңгейлерінде, әрбір жеке кәсіпорында, салада және тұтастай алғанда мемлекетте коммуникациялардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді;

— *шетелде тоқыма өнімдерін экспорттаушыларды сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету.* Бұл өндірушілердің экономикалық мүдделерін шетелдік серіктестер қабылдаған келісімшарттық міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін саяси, коммерциялық және кәсіпкерлік тәуекелдерден қорғауға мүмкіндік береді;

— *техникалық және технологиялық жаңғырту үшін инвестициялар тартудың тиімді тетіктерін ынталандыру.* Бұл тоқыма өнеркәсібінің отандық нарықтағы ғылыми-технологиялық болжау мүмкіндіктерін дамытуға және экспортқа арналған келешегі бар инновациялық өнімдерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- Ahmad R. Moderating effect of board characteristics in the relationship of structural capital and business performance: An evidence on Pakistan textile sector [Electronic resource] / R. Ahmad, H.B. Mohammad // Journal of Studies in Social Sciences and Humanities. — 2019. — Vol. 5. — No 3. — P. 89-99. Access mode: <https://bit.ly/36X8lgM>.
- Amutha D. Problems and prospects of Indian textile industry. — 2021. <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.3960734>.
- Asad A.I. Impact of export and import on value addition of ready-made garments sector in Bangladesh / A.I. Asad, D. Pavelková, T.P. Pham, A. Quddus // Journal of International Studies. — 2022. — Vol. 15. — No 2. — P. 24-39. doi:10.14254/2071-8330.2022/15-2/2.
- Beleska-Spasova E. Determinants Measures of Export Performance Comprehensive Literature Review / E. Beleska-Spasova // Paper by invitation. Review paper. — 2014. — No 1 (1). — P. 63-74.
- Chavan R.B. Indian textile industry – Environmental issues [Electronic resource] / R.B. Chavan // Indian Journal of Fibre and Textile Research. — 2001. — Vol. 26 (1-2). — P. 11-21. Access mode: <https://bit.ly/3ruYhoM>.
- Dad A. “A Literature Review on External Factors Affecting Export Competitiveness of Raw Woven Sector of Pakistan” / A. Dad, A. Mehbub Karim // Malaysian Journal of Social Sciences and Humanities (MJSSH). — 2019. — Vol. 4. — No 2. — P. 51-58. doi: 10.47405/mjssh.v4i2.184.
- Dhiman R. The Textile Industry and Exports in Post-Liberalization India (1st ed.). Routledge India. — 2020. <https://doi.org/10.4324/9781003050292>.
- Fayyaz H. “Pakistan’s Exports Demand: A Disaggregated Analysis” / H. Fayyaz // SBP Research Bulletin. — 2007. — Vol. 6. — No 2. — P.1-13.
- Javed A. Global Value Chain: An Analysis of Pakistan’s Textile Sector / A. Javed, R.M. Atif // Global Business Review. — 2019. — Vol. 22. — No 4. — P. 879-892. <https://doi.org/10.1177/0972150918822109>.
- Kelegama S. Ready-made garment exports from Sri Lanka / S. Kelegama // Journal of Contemporary Asia. — 2019. — Vol. 39. — No 4. — P. 579-596. <https://doi.org/10.1080/00472330903076875>.
- Safeer A.A. Diagnostics of the Challenges and Potential Solutions to Improve Export Competitiveness in International Markets: The Case of Pakistani Readymade Garments Industry / A. A. Safeer, Y. He, M. Abrar, A. Ullah // Journal of Competitiveness. — 2019. — No 11 (3). — P. 128–143. <https://doi.org/10.7441/joc.2019.03.08>.
- World trade statistical review. World Trade Organization [Electronic resource]. — 2021 Access mode: https://www.wto.org/english/res_e/statis_e/wts2021_e/wts2021_e.pdf.
- Бурденко Е.В. Механизм экспортного финансирования как инструмент государственной поддержки экспорта швейной промышленности / Е.В. Бурденко, Е.В. Быкасова // Финансы и кредит. — 2011. — № 37(469). — С. 55–60.

Внешняя торговля Республики Казахстан — 2016–2020: стат. сб. — Астана, 2021. — С. 264. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.

Есеркипова А.М. Экспортно-импортные операции на рынке текстильной промышленности Республики Казахстан / А.М. Есеркипова, А.Б. Абельданова, Р.С. Парманова, А.Ш. Купешов, Г.К. Исаева // Технология текстильной промышленности. — 2019. — №1 (379). — С. 98–104.

Ларионов В.Г. Векторы цифровой трансформации текстильной промышленности / В.Г. Ларионов, Е.Н. Шереметьева, А.В. Балановская // Технология текстильной промышленности. — 2022. — № 2 (398). — С.12–20.

Д.К. Дурру, А.М. Есиркепова, Ж.Т. Алиева, А.С. Есенгельдина

Институциональные инструменты управления развитием экспортного потенциала предприятий текстильной отрасли

Аннотация

Цель: В статье представлены направления эффективного использования институциональных инструментов для повышения экспортного потенциала отечественной текстильной продукции.

Методы: Авторами в качестве информационной основы применены статистические данные, касающиеся экспортной торговли продукцией текстильной промышленности. В ходе исследования использовались системные и статистические методы. Кроме того, ими изучены труды ученых, касающиеся инструментов стимулирования экспорта текстильной продукции: государственные гарантии экспорта промышленной продукции, показатели оценки эффективности экспорта, проблемы конкуренции, обеспечение современным оборудованием, ценовая политика, квалифицированная рабочая сила, возможность цифровой трансформации.

Результаты: Авторы проанализировали данные экспортных возможностей зарубежных стран и Казахстана для разработки стратегии продвижения текстильной продукции на международные рынки. Выявили проблемы, препятствующие развитию экспорта текстильной продукции: техническое и технологическое отставание; недостаточные производственные мощности; низкая производительность труда из-за нехватки специалистов; отсутствие средств производства и сопутствующей фурнитуры; неконкурентоспособность готовой продукции из-за высокой себестоимости.

Выводы: В статье определены существующие институциональные инструменты развития экспортного потенциала предприятий текстильной отрасли: разработка программы экспортной акселерации, не связанной напрямую с финансированием внешней торговли; внедрение комплексной экосистемы предприятий текстильной отрасли на основе обработки больших данных и использования технологий искусственного интеллекта; обеспечение защиты страхованием экспортеров текстильной продукции за рубежом; разработка программы экспортной акселерации, не имеющей прямого отношения к финансированию внешней торговли, технологическая модернизация.

Ключевые слова: текстильная промышленность, институциональные инструменты, сырье, продукция, экспорт, потенциал, страхование, внешняя торговля, технологии, конкурентоспособность.

D.K. Durru, A.M. Yessirkepova, Zh.T. Aliyeva, A.S. Yessengeldina

Institutional tools for managing the development of the export potential of textile industry enterprises

Abstract

Object: The article presents directions for the effective use of institutional tools to increase the export potential of domestic textile products.

Methods: The article used statistical data on export trade in textile products as an information basis. In the course of the study, systematic and statistical methods were used. The authors of the article studied the works of scientists regarding the means of stimulating the export of textile products: state guarantees for the export of industrial products, indicators for assessing the effectiveness of exports, competition problems, provision of modern equipment, pricing policy, skilled labor, the possibility of digital transformation.

Findings: The authors analyzed data on the export opportunities of foreign countries and Kazakhstan to develop a strategy for promoting textile products to international markets. The authors of the article identified problems that impede the development of exports of textile products: technical and technological backwardness; insufficient production capacity; low labor productivity due to a shortage of specialists; lack of means of production and associated accessories; non-competitiveness of finished products due to high cost.

Conclusions: The article identified the existing institutional tools for the development of the export potential of textile enterprises for the future: development of an export acceleration program that is not directly related to foreign trade financing; introduction of a comprehensive ecosystem of textile enterprises based on

the use of Big Data Processing and artificial intelligence technologies; provision of insurance protection for exporters of textile products abroad; technological modernization of an export acceleration program that is not directly related to foreign trade financing.

Keywords: textile industry, institutional instruments, raw materials, products, exports, potential, insurance, foreign trade, technologies, competitiveness.

References

- Ahmad, R., & Mohammad, H. B. (2019). Moderating effect of board characteristics in the relationship of structural capital and business performance: An evidence on Pakistan textile sector. *Journal of Studies in Social Sciences and Humanities*, 5(3), 89-99. Retrieved from <https://bit.ly/36X8lgM>.
- Amutha, D. Problems and prospects of Indian textile industry (2021). <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.3960734>.
- Asad, A.I., Pavelková, D., Pham, T.P., & Quddus, A. (2022). Impact of export and import on value addition of ready-made garments sector in Bangladesh. *Journal of International Studies*, 15(2), 24-39. doi:10.14254/2071-8330.2022/15-2/2.
- Beleska-Spasova, E. (2014). Determinants Measures of Export Performance Comprehensive Literature Review. // Paper by invitation. *Review paper*, 1 (1), P. 63-74.
- Burdenko, E.V., & Bykasova, E.V. (2011). Mekhanizm eksportnogo finansirovaniia kak instrument gosudarstvennoi podderzhki eksporta shveinoi promyshlennosti [Export financing mechanism as an instrument of state support for the export of the garment industry]. *Finansy i kredit — Finance and credit*, 37(469), 55–60 [in Russian].
- Chavan, R.B. (2001). Indian textile industry — Environmental issues. *Indian Journal of Fibre and Textile Research*, 26(1-2), 11-21. Retrieved from <https://bit.ly/3ruYhoM>.
- Dad, A. & Mehub Karim, A. (2019). “A Literature Review on External Factors Affecting Export Competitiveness of Raw Woven Sector of Pakistan”. *Malaysian Journal of Social Sciences and Humanities (MJSSH)*, 4(2), 51-58. doi: 10.47405/mjssh.v4i2.184.
- Dhiman, R. (2020). *The Textile Industry and Exports in Post-Liberalization India* (1st ed.). Routledge India. <https://doi.org/10.4324/9781003050292>.
- Eserkipova, A.M., Abeldanova, A.B., Parmanova, R.S., Kupeshov, A.Sh., & Isaeva, G.K. (2019). Eksportno-importnye operatsii na rynke tekstilnoi promyshlennosti Respubliki Kazakhstan [Export-import operations in the textile industry market of the Republic of Kazakhstan]. *Tekhnologiia tekstilnoi promyshlennosti — Technology of the textile industry*, 1 (379), 98–104 [in Russian].
- Fayyaz, H. (2007). “Pakistan’s Exports Demand: A Disaggregated Analysis”. *SBP Research Bulletin*, 6(2), 1-13.
- Javed A., & Atif, R.M. (2019). Global Value Chain: An Analysis of Pakistan’s Textile Sector. *Global Business Review*, 22(4), 879-892. <https://doi.org/10.1177/0972150918822109>.
- Kelegama, S. (2009). Ready-made garment exports from Sri Lanka. *Journal of Contemporary Asia*, 39(4), 579-596. <https://doi.org/10.1080/00472330903076875>.
- Larionov, V.G., Sheremeteva, E.N., & Balanovskaja, A.V. (2022). Vektory tsifrovoy transformatsii tekstilnoi promyshlennosti [Vectors of digital transformation of the textile industry]. *Tekhnologiia tekstilnoi promyshlennosti Technology of the textile industry*, 2 (398), 12–20 [in Russian].
- Safeer, A.A., He, Y., Abrar, M., & Ullah, A. (2019). Diagnostics of the Challenges and Potential Solutions to Improve Export Competitiveness in International Markets: The Case of Pakistani Readymade Garments Industry. *Journal of Competitiveness*, 11 (3), 128–143. <https://doi.org/10.7441/joc.2019.03.08>.
- Vneshniaia trgovlia Respubliki Kazakhstan — 2016–2020: *Statisticheskii sbornik* [Foreign trade of the Republic of Kazakhstan – 2016-2020]. (2021). *Astana*. Retrieved from [//https://stat.gov.kz/edition/publication/collection](https://stat.gov.kz/edition/publication/collection) [in Russian].
- World trade statistical review (2021). *World Trade Organization*. Retrieved from [//https://www.wto.org/english/res_e/statis_e/wts2021_e/wts2021_e.pdf](https://www.wto.org/english/res_e/statis_e/wts2021_e/wts2021_e.pdf).